

GeneXpert® Dx 6.5a бағдарламалық жасақтамасының шығарылым туралы ескертпелері

Осы құжатта *GeneXpert Dx жүйесі пайдаланушысының нұсқаулығында* сипатталмаған жаңа ақпарат, белгілі шектеулер мен түсіндірмелер бар.

Орнату және пайдалану туралы ақпарат

Бағдарламалық жасақтаманың 6.5a нұсқасын орнату және пайдалану жөніндегі нұсқаулық үшін келесі құжаттарды қараңыз:

- GeneXpert Dx орнату нұсқаулары, 6.5 нұсқасы, D шығ. (құжат № 302-4071-KK)
- GeneXpert Dx пайдаланушы нұсқаулығы, 6.5 нұсқасы, C шығ. (құжат № 303-3411) in vitro диагностикасына арналған
- GeneXpert Dx пайдаланушы нұсқаулығы, 6.5 нұсқасы, E шығ. (құжат № 302-8378-KK) CE-IVD арналған
- Windows 11 GeneXpert Dx көп тілді үнпарақ (құжат № 303-5234)

Қолданыстағы 6.5 нұсқасының құжаттары 6.5a нұсқасына да қатысты, себебі 6.5 нұсқасындағы нұсқауларға ешқандай өзгертулер енгізілмеген.

1. Жаңа функциялар

Бұл кірістірме шығарылымы келесі жаңартуларды қамтиды:

- Қауіпсіздіктің маңызды жақсартуларын қосу үшін OpenJDK 8 соңғы нұсқасына жаңартылды
- Бағдарламалық жасақтаманы енді Windows 11 жүйелеріне орнатуға болады

2. Шешілген мәселелер

Соңғы шығарылымда бағдарламалық жасақтаманың алдыңғы нұсқаларындағы белгілі мәселелер шешілген:

- Қашықтағы пайдаланушылар енді LDAP қосылған жүйеге кіру кезінде құпиясөзді енгізуі қажет

3. Белгілі мәселелер

3.1. Сынақ жасау

Абайлаңыз:

Cepheid компаниясы GeneXpert немесе хост жүйесіне кез келген өзгерту, соның ішінде төмендегілерге (бірақ олармен шектелмейді) өзгерту енгізгеннен кейін LIS жүйесіне жүктеп салынған нәтижелер мен GeneXpert сынақ нәтижелері бір-біріне сәйкес келетінін әрдайым растау керек деп кеңес береді:

- GeneXpert бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы
- GeneXpert талдау анықтамасының нұсқасы
- GeneXpert хост байланысының параметрлері
- Хосттың аралық бағдарламалық жасақтамасының немесе конфигурациясының өзгертулері
- LIS бағдарламалық жасақтамасының немесе конфигурациясының өзгертулері

GeneXpert® Dx 6.5a бағдарламалық жасақтамасының шығарылым туралы ескертпелері

3.2. Сынақ жасау

- 3.2.1. Жолға теріп жазған болсаңыз, «Сынақ жасау» (Create Test) диалогтік терезесіндегі «Пациент идентификаторы» (Patient ID) немесе «Сынама идентификаторы» (Sample ID) өрістеріне штрих-кодты сканерлеп енгізбеңіз. Штрих-код жолға теріп жазылған соң сканерленсе, жарамсыз таңбалар сканерленеді. «Пациент идентификаторы» (Patient ID) немесе «Сынама идентификаторы» (Sample ID) өрістерін өзгерту үшін, «Сынақ жасау» (Create Test) диалогтік терезесін жауып, «Сынақ жасау» (Create Test) опциясын қайта таңдаңыз да, идентификатордың штрих-кодын сканерлеңіз.
- 3.2.2. GX Dx 4.6 және одан кейінгі нұсқада BA 4-Plex және BG Duplex талдауларының комбинациясы істемейді.

3.3. Дерекқорларды түрлендіру

- 3.3.1. Дерекқорды көшіру мәселелерін төмендегі әрекеттерді орындап шешуге болады:
- 3.3.1.1. Орнатқышты іске қосып, «Таңдамалы орнату» (Custom Install) опциясын таңдаңыз
 - 3.3.1.2. «Таңдамалы орнату» (Custom Install) экранында «Таза дерекқор» (Clean Database) опциясын таңдаңыз
 - 3.3.1.3. Экрандағы нұсқауларды орындап, бағдарламалық жасақтаманы орнату процесін аяқтаңыз
 - 3.3.1.4. Дерекқорды түрлендіру және қалпына келтіру туралы ақпаратты Cepheid компаниясының техникалық қолдау қызметіне хабарласып алыңыз

3.4. Локализация

- 3.4.1. GeneXpert бағдарламалық жасақтамасының орыс тіліндегі конфигурациясы істетілген кезде, файлдарды таңдау диалогтік терезелеріндегі кей мәтіндер орыс тіліне аударылудың орнына ағылшын тілінде көрсетіледі. Аталған диалогтік терезелер: «Сынақты мұрағаттау» (Archive Test) кезіндегі «Сақтау» (**Save**) диалогтік терезесі, «Сынақты шығарып алу» (Retrieve Test) кезіндегі «Ашу» (**Open**) диалогтік терезесі, «Дерекқордың резервтік көшірмесін жасау» (Database Backup) диалогтік терезесі және «Дерекқорды қалыпқа келтіру» (Database Restore) кезіндегі «Файлды таңдау» (**Select File**) диалогтік терезесі.

Аудармасы жоқ мәтіндер:

- «Look In» — «Найти в»
- «File Name» — «Имя файла»
- «Files of Type» — «Тип файлов»
- «Cancel» — «Отменить»
- «Open» — «Открыть»

GeneXpert® Dx 6.5a бағдарламалық жасақтамасының шығарылым туралы ескертпелері

3.5. Бағдарламалық жасақтаманың лицензиялық келісімі

3.5.1. Орнату кезінде пайдаланушы Windows 11 жүйесінде бағдарламалық жасақтаманың лицензиялық келісімін басып шығара алмауы мүмкін. Пайдаланушы орнатпас бұрын басып шығаруды қосу үшін жүйеде орнатылған болса, Apache Open Office қолданбасын .rtf файлдары үшін әдепкі қолданба ретінде орната алады. Сонымен қатар келісімді орнатқаннан кейін Лицензиялық келісімнің PDF нұсқасын Dx қолданбасындағы «Экран туралы» (About Screen) терезесінде ашу арқылы басып шығаруға болады.